

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
МКҚК «№26 «Үміт» бобекжай-балабақшасы»**

**«ЖҰЛДЫЗ» МАД тобының
АТА – АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСЫ**

**Тәрбиешілер: Ордағалиева Г.М.
Садуакасова Б.К.**

2025-2026 оқу жылы



Бекітемін:

№26 «Умты» бөбекжай

балабақша меңгерушісі

Д.Ж. Жылыбаева

2025ж

Ата - аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары.

Жұмыс жоспары.		
р/с	Айы	
1	Қыркүйек	Жиналыс: «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттер» (таныстыру, оқу бағдарламасымен, күн тәртібімен таныстыру). Кеңес: «Бәрі де болашақ оқушы үшін»
2	Қазан	Видео ролик: «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» Көрме: «Күзгі Асар 2025», Ертенгілік: «Менің Отаным - Қазақстан!» «Менің Отаным Қазақстан» сурет көрмесі.
3	Қараша	Қайырымдылық акциясы: «Жылулық сыйлайық».
4	Желтоқсан	Жиналыс: «Баланың сөйлеу тілін дамытудағы ата-ананың рөлі». Әңгіме-сұхбат: «Отбасындағы жаңа жылдық дәстүрлер».
5	Қаңтар	Челленж: «Шынт жүректен кітап сыйла» Психолог кеңесі: «Балаға сенімділік сыйлау жолдары».
6	Ақпан	Жиналыс: «Баланың денсаулығы – басты байлық» (дәрігер/медбике қатысуымен). Сауалнама: «Мен баламмен қанша уақыт бірге өткіземін?» Отбасылық спорттық жарыс: «Әкем, анам және мен – спорттық отбасы».
7	Наурыз	Ертенгілік: «Мерекеңмен анашым!» Көрме: «Ұлттық мәдениет» (ағаштан, матадан, киізден, металдан т.б) Мастер-класс: Ана мен қыздарға арналған қолөнер шеберлігі.
8	Сәуір	Дәріс: «Ақылды қаржы: балаға үнемшілдікті үйрету» (қаржылық сауаттылыққа байланысты). Ата-аналармен пікірталас: «Қазіргі замандағы тәрбие мәселелері». Экочелленж: «Ағаш егу»
9	Мамыр	Челленж: «Ананаң аялы алақаны» (бейнеролик) Жиналыс: «Біздің жетістіктеріміз» (жылдық қорытынды). Көрме: «Балабақша – бақыт мекені» (жыл бойы жиналған балалардың еңбектері). Ертенгілік: «Қош бол, балабақша!»

МКҚК 26 «Үміт» бөбекжайы - балабақшасы

**«Бәрі де болашақ оқушы үшін»
«Жұлдыз» мектеп алды тобы.
(Ата-аналарға арналған кеңес)**

**Тәрбиеші: Ордағалиева Г.М
Садуакасова Б.К**

Ақтөбе 2025 жыл

Тақырыбы: «Бәрі де балашақ оқушы туралы»

1. Кіріспе

Бала балабақшадағы даярлық топтан мектепке қадам басқан кезде оның өмірінде үлкен өзгеріс болады. Бұл кезеңде ата-ананың қолдауы, түсіністігі және ынтымақтастығы – басты рөл атқарады.

Әр баланың мектеп табалдырығын қуанышпен, сенімді қадаммен аттауы – отбасының басты арманы. Ол үшін ата-ананың қолдауы, сүйіспеншілігі мен бағыт-бағдары өте маңызды.

2. Баланың мектепке дайындығы

- Психологиялық дайындық:

Баланы мектепті қызықты әрі қауіпсіз орта ретінде қабылдауға үйретіңіз. Оқушы болу – абырой, мақтаныш екенін түсіндіріңіз.

- Әлеуметтік дайындық:

Баланың басқа балалармен ойнап, бөлісіп, кезек күту, мұғалімді тыңдау дағдыларын дамыту қажет.

- Танымдық дайындық:

Әріптерді, сандарды, түстерді ажырата білуге, қарапайым есептерді шығаруға, сұраққа толық жауап беруге баулуыңыз керек.

1. Баланың күн тәртібін реттеңіз

- Баланы ерте тұрып, уақытында ұйықтауға дағдыландырыңыз.
- Мектепке дейінгі ұйым мен үй арасындағы күн тәртібінің

үйлесуі – мектепке бейімделудің алғышарты.

2. Танымдық қызығушылығын арттырыңыз

- Кітап оқу, әңгіме құрастыру, сурет салу, ертегі тыңдау арқылы ой-өрісін кеңейтіңіз.

• Қарапайым есептер, жұмбақтар, басқатырғыштар баланың ойлау қабілетін дамытады.

3. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырыңыз

- Баламен жиі сөйлесіп, пікірлесіңіз.
- «Сәлемдесу», «рақмет айту», «кешірім сұрау» сияқты қарапайым әдеп нормаларын үйретіңіз.

4. Еңбекке баулыңыз

- Өзіне тиесілі ұсақ-түйек шаруаны орындауға мүмкіндік беріңіз (ойыншық жинау, үстел әзірлеуге көмектесу).

- Еңбектің құндылығын балаға іс-әрекет арқылы көрсетіңіз.

5. Эмоциялық қолдау көрсетіңіз

- Баланың жетістігін мадақтап, қателігін сын емес, түсіністікпен түзетіңіз.


- Баланы өзіне сенуге үйретіңіз.

6. Мектепке оң көзқарас қалыптастырыңыз

- Мектеп туралы жағымды әңгіме айтыңыз.
- «Мектеп – қызық, білім үйрететін гажайып әлем» деген ойды бала санасына сіңіріңіз.

7. Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы

- Тәрбиешілермен үнемі байланыста болыңыз.
- Үйде де, балабақшада да талаптар мен тәрбие әдістерінің бірізді болуы – баланың дұрыс дамуына көмектеседі.



№26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы

**«Қарты бар үйдің, қазынасы бар»
(видео ролик анықтамасы)
«Жұлдыз» мектепалды тобы**

**Тәрбиешілер: Ордағалиева Г.М
Садуакасова Б.К**

Ақтөбе 2026

Тақырыбы: «Қарты бар үйдің — қазынасы бар»

Өткізілген күні: 01.10.2025жыл

Мақсаты:

Балаларға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ата-әжеге деген сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы отбасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру.

Міндеттері:

- Қарттарға құрмет көрсету мәдениетін қалыптастыру
- Ұрпақтар сабақтастығын нығайту
- Ата-әженің өмірлік тәжірибесін үлгі ету
- Балалардың адамгершілік қасиеттерін дамыту

Видеоролик мазмұны:

Видеоролик барысында ата-әженің отбасындағы орны мен тәрбиелік мәні көрсетілді. Балалар ата-әжелеріне деген жылы лебіздерін білдіріп, өлең шумақтарын оқыды. Сонымен қатар, үлкендердің ақыл-кеңестері мен өмірлік тәжірибелері насихатталды.

Роликте отбасы бірлігі, сыйластық, мейірімділік, қамқорлық сияқты құндылықтар кеңінен көрініс тапты. Қарт адамдардың қоғамдағы рөлі ерекше атап өтіліп, олардың ақылы мен батасының маңыздылығы көрсетілді.

Қорытынды:

«Қарты бар үйдің — қазынасы бар» атты видеоролик арқылы балалар бойында үлкенге деген құрмет, ізгілік, адамгершілік қасиеттер қалыптасты. Ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуде бұл жұмыс өз мақсатына жетті.

МКҚК 26 «Үміт» бөбекжай - балабақшасы

«Күзгі Асар 2025»
«Жұлдыз» мектеп алды тобы.
(қолөнер , күз жемісінің көрмесі)

Тәрбиеші: Ордағалиева Г.М
Садуакасова Б.К


Ақтөбе 2025 жыл

Балабақша ішілік «Күзгі Асар 2025» тақырыбындағы қолөнер, күз жемісінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеге «Жұлдыз» мектеп алды тобынан барлық ата-аналары қатысты. Балалар өз қиялын, шығармашылық қабілетін және қолөнеріне деген қызығушылығын көрсетті. Жұмыстарда әртүрлі техника қолданылып, балалардың эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етті.

Іс-шараның мақсаты:

- Балаларды еңбекке баулу, табиғаттың берген жемісін қадірлеуге тәрбиелеу.
- Отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-аналарды баланың тәрбиесіне тарту.
- Қазақ халқының «Асар» дәстүрін жаңғырту, өзара көмек пен ынтымақты дәріптеу.
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қолөнер мен көркемдік талғамын дамыту.
- Табиғи өнімдерді (жеміс-жидек, көкөніс, ұлттық тағамдар) пайдалану арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.
- Балабақша, ата-ана және балалардың бірлескен іс-әрекетін күшейту.



№26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы

«Менің Отаным-Қазақстан!»



Өткізгендер: «Жұлдыз» мектепалды
топ тәрбиешілері

Музыка жетекшісі: Туребаева Г.

Ақтобе-2025ж.

«Менің Отаным - Қазақстан!» ертеңгілік

(«Мен сені сүйемін Қазақстан» композициясымен балалар кіреді)

Тәрбиеші: Қайырлы күн, құрметті тәрбиешілер, балалар, қонақтар!
Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Көк байрағы
желбіреген тұғырлы еліміздің еңсесі биік, мәртебесі берік болсын!
Біз ата – бабамыз мұра қылып қалдырған туган жеріміздің төл перзентіміз.
Біз бақытты ұрпақпыз! Қазақстан ел таныған өркениетті ел болады. Біз
жақсылыққа сенеміз.

Үлгі бізге аталардың ерлігі,

Ұлағаты, өнегесі, еңбегі.

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,

Бүгінгі ұрпақ – болар елдің тірегі.

Тәрбиеші: 25 қазан біздің Республикамыз үшін және біз үшін үлкен қуаныш.
Республика күніне арналған мерекелік шарамызды ашық деп жариялаймыз!

(Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады)

Тәрбиеші: Балалар Қазақстан туралы жыр шумақтарын айтуға шығады.

Такпак:

Ер Қанат

Жиырма бесі қазанның,

Атаулы күн мереке.

Республика күні бұл,

Сыйлар елге береке.

Азиза

Тұтастығы елімнің,

Жарияланған күн бүгін.

Жайлылықты сезінген,

Қуанышты үн бүгін.

Аяна

Көк байрағым желбіреп,

Үн қатады бүгінде.

Әндетейік, би билеп,

Республика күнінде!

Ерке

Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің Қазақстан.

Мәңгі соғып тұратын.

Жүрегімсің Қазақстан.

Абай

Аспан түстес көгілдір,

Тік бұрышты матаның.

Ортасында төгіп тұр,

Күн жаяды шапағын.

«Менің Отаным Қазақстан!»
«Жүздік» мектеп алы тобы.
(сүреп көрмесі)

Тәрбиеші: Ордаталиева Т.М
Садуакасова Б.К

Балабақша ішілік «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбындағы сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге «Жұлдыз» мектеп алды тобынан барлығы 12 бала катысты. Балалар өз қиялын, шығармашылық қабілетін және бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын көрсетті. Жұмыстарда әртүрлі техника (қарындаш, акварель, гуашь) қолданылып, балалардың эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етті.

Іс-шараның мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын дамыту, өнерге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Көрме сәтті өтті, ата-аналар мен тәрбиешілердің оң пікіріне ие болды.



№26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы

«Жылулық сыйлайық»
(анықтамасы)
«Жұлдыз» мектепалды тобы

Тәрбиешілер: Ордағалиева Г.М
Садуакасова Б.К

Ақтөбе 2025

Тақырыбы: «Жылулық сыйлайық»

Өткізілген күні: 13.11.2025жыл

Мақсаты:

Балалардың бойында мейірімділік, жанашырлық, қайырымдылық қасиеттерін қалыптастыру, қоғамдағы мұқтаж жандарға көмек көрсету арқылы адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.

Міндеттері:

- Қайырымдылық жасауға баулу
- Қоғамдағы әлсіз топтарға қамқорлық көрсету
- Жақсылық жасау арқылы оқушылардың жүрегіне жылулық ұялату
- Бірлік пен жанашырлықты насихаттау

Іс-шара мазмұны:

«Жылулық сыйлайық» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шара барысында балалар мұқтаж отбасыларға көмек көрсетті.

Балалар азық-түлік, киім-кешек және қажетті заттарды жинап, оларды иелеріне табыстады. Балалардың шынайы жанашырлығы, үлкендерге деген құрметі және қоғамға деген жауапкершілігі айқын көрініс тапты.

Қайырымдылық – әр адамның жүрегінен басталатыны ерекше атап өтілді.

Қорытынды:

Бұл іс-шара арқылы балалар мейірімділік пен қайырымдылықтың маңызын түсініп, жақсылық жасауға ұмтылды. «Жылулық сыйлайық» акциясы балалардың жүрегіне ізгілік нұрын сеуіп, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасуына ықпал етті.



«Ғарыштан келген қонақтар және Жана жылдың шамы»
(ертеңгілік сценарий)
«Жұлыз» мектепалды тобы

Тәрбиеші: Ордаталиева Г.М.
Садуақасова Б.К.



№26 «Үміт» бобекжай – балабақшасы

«Балаға сенімділік сыйлау жолдары».

(кеңес)

«Жұлдыз» мектепалды тобы

**Тәрбиешілер: Ордағалиева Г.М
Садуакасова Б.К**

Ақтөбе 2026

№26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы

«Ұлттық мәдениет-Ұлттық ыдыстар»

(көрме анықтамасы)
«Жұлдыз» мектепалды тобы

**Тәрбиешілер: Ордағалиева Г.М
Садуакасова Б.К**

Ақтөбе 2026

Тақырыбы: «Ұлттық мәдениет – ұлттық ыдыстар»
Өткізілген күні: 16.03.2026жыл

Максаты:

Балаларға қазақ халқының ұлттық мәдениетін таныту, ұлттық ыдыстардың түрлері мен маңызын түсіндіру, ата-баба мұрасына деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ұлттық ыдыстардың атауларын, қолданылуын үйрету
- Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін таныстыру
- Ұлттық құндылықтарды дәріптеу
- Балалардың қызығушылығы мен танымдық қабілетін дамыту

Көрме барысында қазақтың ұлттық ыдыстары таныстырылды. Атап айтқанда: тостаған, кесе, ожау, астау, табак, диірмен сияқты тұрмыстық бұйымдар көрсетілді.

Балалар әр ыдыстың қолданылу мақсатын айтып, олардың жасалу ерекшеліктерімен танысты. Кейбір бұйымдар ағаштан, теріден, тастан жасалғаны туралы мәліметтер берілді.

Көрме барысында балалар ұлттық тағамдарды қандай ыдыстарда ұсынатынын біліп, қазақ халқының дастархан мәдениетімен танысты. Сонымен қатар, ұлттық ою-өрнектердің мағынасы да түсіндірілді.

Қорытынды:

«Ұлттық мәдениет – ұлттық ыдыстар» арқылы оқушылар қазақ халқының бай мұрасымен танысып, ұлттық құндылықтарға деген құрметі артты. Бұл көрме балалардың танымдық қызығушылығын оятып, рухани тәрбиесіне оң әсерін тигізді.

